

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 1461 қаулысына өзгертулер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 8 шілде N 848. Күші жойылды - ҚРҮ-нің 1998.05.13. N 431 қаулысымен. ~P980431

Қазақстандық кәсіпорындар өндіретін және экспорттайтын шикізат тауарларын жариялау және салық салу тәртібінің кейбір мәселелерін реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қаулы Етеді:

"Қазақстан Республикасынан экспортталатын шикізат тауарларын кедендік жариялау және оларға салық салу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1995 жылғы 6 қарашадағы N 1461 P951461_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮАЖ-ы, 1995 ж., N 35, 433-бап) мынадай өзгертулер енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қазақстан Республикасынан шығарылған шикізат тауарлары Қазақстан Республикасының қосылған құнға салынатын салық жөнінде есепте тұрған салық төлеушінің меншігі болып табылатын қайта өңдеу өнімдерін (дайын өнімдерді), кейін оларды ТМД елдерінен тысқары шығаратын етіп ТМД елдеріне өңдеу үшін шығарған жағдайда, ТМД елдерінен тысқары шығарылатын тауарлар экспорты үшін қарастырылған Қазақстан Республикасының кедендік режиміне жатады деп белгіленсін";

3-тармақтағы:

төртінші және бесінші абзацтар мынадай редакцияда жазылсын:

"кәсіпорын орналасқан жердегі салық органына қазақстандық кәсіпорынның шетелдік фирмамен немесе Қазақстан Республикасының резиденті және ТМД елдерінің резиденті болып табылмайтын өзге де тұлғамен (бұдан әрі - шетелдік сатып алушы) экспорттық контрактіні толық көлемде беруі, онда соңғысының сатып алатын қайта өңдеу өнімдері (дайын өнім) ТМД елдерінен тысқары шығыруға арналғандығы көрсетілуі тиіс;

Қазақстан Республикасының қосылған құнға салынатын салық жөнінде есепте тұрған салық төлеушінің өңделетін өнімдерді (дайын өнімдерді) ТМД елдерінен тысқары шығару жөніндегі кедендік жариялануының көшірмесі";

алтыншы абзац алынып тасталсын;

жетінші абзацтағы "қазақстан кәсіпорны" деген сөздер "Қазақстан Республикасының қосылған құнға салынған салық жөнінде есебінде тұрған салық төлеуші" деген сөздермен ауыстырылсын.

2. Осы қаулы жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары